



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.02.2025 ж.

№ 4, 14-т.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2024 жылғы қорытындысы туралы.**

Кәсіподақ ОК аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімінің басшысы Е.С. Иманбаевтың мүшелік ұйымдардың қызметін жыл сайынғы бағалау қорытындысын шығару жөніндегі ақпаратын тыңдап, талқылай отырып, Атқару Комитеті бұл шара кәсіподақ ұйымдарының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау, кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту және нығайту жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережесінің 4.4-тармағына сәйкес Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінің 2024 жылғы қорытындылары бекітілсін. (Бағалау критерийлері қоса беріледі):

I орын – «Жамбыл облысының оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 58 194);

II орын – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 40 133);

III орын – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымы» ҚБ (жалпы ұпай саны – 9 655).

2. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ережесінің 5.2. тармағы келесі сөйлеммен толықтырылсын: «Бағалау қорытындысы бойынша жүлдегерлер қатарына кірмеген, бірақ жоғары балл (ұпай) жинаған мүшелік ұйымдар Кәсіподақтың Атқару Комитетінің шешімімен көтермелеу ақшалай сыйлықақыларымен марапатталуы мүмкін».

3. Мүшелік ұйымдардың қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесінде жоғары балл (ұпай) жинаған келесі мүшелік ұйымдар көтермелеу мақсатында марапатталсын:

- Кәсіподақтың Маңғыстау облыстық ұйымы;
- Кәсіподақтың Ақтөбе облыстық ұйымы;
- Кәсіподақтың Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы.

4. Салтанатты марапаттау рәсімі Орталық Комитеттің кезекті Пленумында өткізілсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В. Ф. Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**